

Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе азаматтық авиация жоғары ұшқыштар училищесін екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе жоғары әскери авиация училищесі етіп қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 маусымдағы N 688 Қаулысы

"1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 U952700_ Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 қаңтардағы N 53 P960053_ қаулысының 24-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Әскери Әуе Күштері үшін офицерлік кадрлар даярлауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе азаматтық авиация жоғары ұшқыштар училищесі екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе жоғары әскери авиация училищесі болып қайта құрылсын.

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе азаматтық авиация жоғары ұшқыштар училищесін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарамағына берсін.

2. Екі мәрте Кеңес Одағының батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе азаматтық авиация жоғары ұшқыштар училищесінің балансындағы барлық мүлікке, инфрақұрылымға, активтер мен пассивтерге екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе жоғары әскери авиация училищесінің құқықтық мұрагерлігін белгілесін.

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе азаматтық авиация жоғары ұшқыштар училищесінің материалдық-техникалық базасын, үйлері мен ғимараттарын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің балансына белгіленген тәртіппен берсін.

3. Азаматтық авиация мамандарын даярлау үшін бұрын қабылданған курсанттарды оқыту екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе азаматтық авиация жоғары ұшқыштар училищесіне қабылдау шартында аяқталсын.

1996-1997 оқу жылынан бастап азаматтық авиация мамандарын даярлау мүдделі заңды тұлғалармен жасалған шарттардың негізінде жүргізілсін.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.26 № 580 Қаулысымен.**

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:
Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе жоғары

әскери авиация училищесінің ұйымдық-штаттық құрылымын әзірлеп, бекітсін;

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісе отырып екі айлық мерзімде екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе жоғары әскери авиация училищесінің азаматтық қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу туралы Ережені әзірлеп, бекітсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе жоғары әскери авиация училищесін қаржыландыруды республикалық бюджетте көзделген қорғанысқа бөлінген жалпы шығыстар есебіне жүзеге асырсын;

1997 жылға арналған республикалық бюджетте 1997 жылдың бірінші тоқсанында училищенің қазіргі уақыттағы коммуналдық қызмет үшін 83,4 млн. теңге мөлшеріндегі кредиторлық берешегін өтеуге шығыстар қарастырсын.

7. Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе жоғары әскери авиация училищесі Ақтөбе қаласының ұшақ айлағын пайдалануды шарт бойынша Ақтөбе авиаотрядымен бірлесіп орналасу негізінде жүзеге асырсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі